

БЫЛТЫР ЕЛІМІЗДЕ 2030 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ ҚР КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН АРТТЫРУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ ӘЗІРЛЕНІП, БЕКІТІЛДІ. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТРАНЗИТТІК ӘЛЕУЕТІН КӨТЕРУ МАҚСАТЫНДА ТЕМІРЖОЛ САЛАСЫНДА ІРІ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖОБАЛАР ҚОЛҒА АЛЫНДЫ. ОНЫҢ БІРІ – ӨТКЕН ЖЫЛЫ БАСТАЛҒАН «ДОСТЫҚ-МОЙЫНТЫ» УЧАСКЕСІНДЕ ЕКІНШІ ЖОЛДАР ҚҰРЫЛЫСЫ. БҰЛ ЖОБАНЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСУЫ АТАЛҒАН ТЕЛІМНІҢ ӨТКІЗУ ҚАБІЛЕТІН 5 ЕСЕ АРТТЫРАДЫ.

Марат ҚАРАБАЕВ,
ҚР Индустрия және инфрақұрылымды дамыту министрі



№5 (2822)
24/01/2023

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

ПОДЪЕЗДНЫЕ ПУТИ: ДЕМОНОПОЛИЗАЦИЯ

Более 140 подъездных железнодорожных путей могут передать в государственную собственность. Об этом сообщалось на заседании Комиссии по демополизации экономики Казахстана.

Махаббат НЕГЕМБАЕВА,
Астана

Участники заседания под председательством Премьер-министра РК Алихана Смайлова обсудили возврат в государственную собственность некоторых активов, являющихся «неотъемлемой частью производственного процесса» в железнодорожных перевозках.

Комиссия по демополизации экономики образована в марте 2022 года. За это время в республиканскую собственность переданы пакеты акций и доли участия в десяти крупных компаниях в сферах телекоммуникаций, экологии и железнодорожной инфраструктуры – 439 подъездных железнодорожных путей.

На заседании также отмечалось, что от собственников ряда частных компаний поступили обращения с предложениями передать в республиканскую собственность более 140 подъездных железнодорожных путей.

Напомним, после многочисленных жалоб предпринимателей Президент Казахстана дал поручение провести проверку деятельности АО «Центр транспортного сервиса» как крупнейшего балансодержателя подъездных путей, расположенных на ключевых железнодорожных

объектах страны, и других монополистов в данной сфере.

В 2022 году Правительство РК приняло постановление о некоторых вопросах республиканской собственности, которое затрагивает АО «ЦТС».

На основании ходатайства АО «НК «Қазақстан темір жолы» генеральным прокурором опротестованы решения судов, в том числе о передаче на баланс АО «ЦТС» 629 путей, которые ранее принадлежали АО «НК «Қазақстан темір жолы» и подлежат возврату. Рабочей группой проведены анализ и осмотр 579 подъездных путей на 219 станциях и 83 субъектах естественной монополии, по итогам которых установлено отсутствие всех видов ремонтных работ в рамках обеспечения безопасности использования подъездных путей. Также проведена документальная ревизия содержания подъездных путей. Так, общее количество подъездных путей Республики Казахстан составляет 3 658 единиц, из них 2 678 не оказывают услуг предоставления подъездных путей другим организациям.

Подводя итоги заседания, премьер поручил ускорить процедуры по



всем рассматриваемым вопросам для достижения конкретных результатов уже в ближайшее время. – Глава государства ждет от нас взвешенных и справедливых решений. По каждому рассматриваемому случаю нужны конкретные результаты, – подчеркнул Алихан Смаилов.

В департаменте управления активами АО «НК «ҚТЖ»» сообщили,

что в настоящее время Комитетом государственного имущества и приватизации Министерства финансов Республики Казахстан осуществляются необходимые мероприятия, связанные с передачей 100% пакета акций АО «ЦТС» в оплату размещаемых акций АО «Самрук-Қазына» для последующей передачи в АО «НК «ҚТЖ»».

Фото Александра ЖАБЧУКА

ЭКСПОРТТЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТЫ



Қазақстанның экспорттық жүк тасымалының 70 пайызға жуығы Ресей темір жолдары арқылы жүзеге асуда. Яғни Ресей үшінші елдерге жүк тасымалдаудың негізгі бағыты болып отыр. Аталған бағыт бойынша экспорттық жүкті тасымалдауда өсім 4 пайызды құраған.

Ресей арқылы Қазақстаннан экспорттық тасымал Швейцария, Түркия, БАӘ, Польша, Кипрға артса, Украинаға керісінше тоқтаған. Жалпы, өткен жылы Ресей аумағы арқылы теміржол көлігімен көмір, мұнай өнімдері, бидай, астық экспорты ұлғайып, қара металл, химиялық жүк, түсті металдар мен тыңайтқыштар тасымалы кеміген.

Есесіне, Ресей арқылы үшінші елдерден Қазақстанға импорттық тасымал көлемі 5 пайызға өскен. Бұл өсімге түсті кен, қара металл, мұнай өнімдері, қант өнімі, ағаш бұйымдарының көптеп келуі әсер еткен.

Мамандар быттыр Транскаспий халықаралық көлік бағдары арқылы да экспорттық жүк тасымалы көлемінің 2021 жылға қарағанда, 6,6 есе өскенін айтады. Әсіресе қара және түсті металдар, химиялық жүктердің сыртқа шығарылуы жоғарылаған. Ал ТХКБ бағдары бойынша импорттық тасымалдарға келсек, бұл бағытта да оң динамика сақталып, өсім 83% құраған. Бұл арада химиялық жүктер, мұнай өнімдері, қара металдар, азық-түлік жүктеріне қатысты жеткізілімнің өскені белгілі болған. Сонымен қатар 2022 жылы отандық экспорттаушылар Қазақстанның Болашақ станциясы арқылы өтетін «Солтүстік-Оңтүстік» халықаралық көлік дәлізінің шығыс бағытын белсенді пайдалана бастаған. Нәтижесінде быттыр Болашақ шекаралық өткелі арқылы Қазақстаннан Иранға экспорт 8,5 есе өскен.

Ислам ТАЛҒАТ

ЭКСПОРТ ЧЕЧЕВИЦЫ НАЛАЖЕН



Очередная партия казахстанской чечевицы отправлена по Среднему коридору в Турцию.

Со станции Кокшетау-1 на турецкую станцию Мерсин отправлены 20 единиц 20-футовых контейнеров с красной чечевицей. Стоит отметить, Казахстан входит в пятерку лучших по экспорту масличных и зерновых культур.

Контейнерный поезд проследовал по Транскаспийскому международному транспортному маршруту (ТМТМ) (Среднему коридору) с задействованием железнодорожного и морского транспортов. Эффективность доставки поездом заключается в том, что чечевица оперативно доставляется потребителю и сокращается время транспортировки.

Экспортная отправка отечественной сельхозпродукции организована дочерним предприятием АО «KTZ Express» – Xinjiang KTZ International Logistics Co.Ltd.

Айлин БАУРЖАН

ЖЫЛЖЫМАЛЫ ҚҰРАМ ЖАҢАРАДЫ



Быттыр Қазақстанда 12 млн жуық адам теміржол қызметін пайдаланған. Бүгінде сураныстың артуына орай 2029-2030 жылға дейін 500-ден астам жаңа типті вагондарды қолданысқа енгізу бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Ресми мәлімет бойынша еліміздегі пойыз вагондарының 35 пайыздан астамы 30 жылдан бері қолданыста, шамамен 60 пайыздан астамы орташа деңгейде тозған. Жылжымалы құрамдарға қатысты 300 жолаушылар вагоны, 1500 жүк вагоны жетіспейді және 1000-ға жуық локомотив қажет деген мәлімет айтылады. Былғы жылы 61, ал келесі жылы 257 вагон сатып алу жоспарланып отыр.

– Вагон сатып алу үшін үкіметтен жыл сайын субсидия бөлінеді. Мысалы, 2021 жылы 14 млрд теңге жұмсалған. Енді вагон ғана емес, локомотивтер алуға да субсидия берілімек, – дейді «Жолаушылар тасымалы» АҚ ресми өкілі Мәди Мұхамедқали.

Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ

Маусым

КӨМІР ТАСЫМАЛЫНА СҰРАНЫС АРТҚАН

Қыс қаһарына мінген қаңтарда қатты отын тұтынатын өңірлердің көмірге сұранысы арта түскен. Соған орай кен орындары мен тасымалдаушылар қызметі жанданды. Мысалы, қатты отынға тапсырыс артқалы «Қаражыра» көмір кеніші өндіріс барысын ұлғайтып, теміржолшылар тасымал процесін жеделдетуге кіріскен.



Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Республиканы Қаражыра көмірімен қамтуда күретамыр саналатын Дегелең – Ақсу, Дегелең – Жаңа-Семей тәлімдері бүгінде толық күшінде жұмыс істеуде. Жоспарланған кесте бойынша тәулігіне 10 жүп жүк пойызын өткізу керек болса, тапсырыстың артуына байланысты 11 немесе 12 жүп көмір тиелген пойыздар жүруде.

Ағымдағы жылы «Қаражыра» АҚ көмір өндіруді 9 млн тоннаға жеткізуді міндет етіп отыр. Бұл ретте басты әріптесі – ҚТЖ ұлттық компаниясы қызметі арқылы, яғни теміржолмен 8,7 млн тонна қатты отын жөнелтуді межелуде. Көмір өндіруші компания техникалық мүмкіндіктерін арттыру мақсатында бірқатар инвестициялық бағдарламаларды сәтмен іске асыруда: жалпы құны 42,0 млн АҚШ доллары көлеміндегі қаражатқа тау-кен өндірісіне арналған техникалар сатып

алған. Соның ішінде сегіз карьерге арналған, әрқайсысы 220 тонна жүк көтере алатын «БелАЗ»-75306 самосвалы, Hitachi EX-3600 маркалы екі экскаватор және тағы басқа ауыр жүк машиналарына қол жеткізген. Оның сыртында өндірістік қуаты сағатына 1200 тонна көмірді құрайтын жаңа сұрыптау-байыту кешенін іске қосты. Яғни жылжымалы құрамдарға көмір тиеу ісі бұрынғыға қарағанда әлдеқайда өнімдірек болмақ. Ал теміржолшылар міндеті – Дегелең станциясындағы көмір тиеу процесін жылыту маусымы кезінде тәулігіне 560 вагонға дейін жеткізу болмақ. Семей ЖТ бөлімшесі өндірістік техникалық бөлімінің бастығы Гүлнар Төлеуханованың айтуынша, оған толық мүмкіндік бар.

Қазіргі таңда Семей бөлімшесіне қарасты станцияларда көмір түсіру жұмыстарына бірінші кезекте орын берілген. Семей, Аягөз, Шар станцияларындағы көмір тұйықтарына қатты отын кедергісіз жүргізілуде. Әр тәулік

сайын оларға 30 вагон көмір немесе 2 мың тонна қатты отын жеткізіледі. Жалпы биылғы қыстың суық болуына байланысты оңтүстік өңірлерден, тіпті алыс-жақын шетелдерден Қаражыра көміріне деген сұраныс күрт артқан.

– Өткен жылдың соңында бос вагондарды жинап алу бойынша бірқатар мәселелер туындаған болатын. Ал жаңа жылдан бастап вагон саны жеткілікті. Абай облысының көлемі бойынша көмір қарбаласы жоқ. Отын бағасы да өзге облыстармен салыстырғанда айтарлықтай қымбаттамады, – дейді бөлімшенің логистика және жүк тасымалын ұйымдастыру бөлімінің мамандары.

Бұнымен, Семейдегі көмір тұйықтарында көмірдің тоннасы жеткізіп беру қызметін қоса алғанда 12 400 теңгеден саудалануда. Бұл – еліміздегі ең төмен баға. – Алдағы уақытта көмір тиейтін жүк пойыздарының саны 13-14-ке жеткізілімек. Быттыр Дегелең станциясы дамытылып, жаңадан үш бірдей қабылдау-жөнелту жолдарының салынуы оған толық мүмкіндік береді. Қазір станциядағы жолдар саны 9-ға жетіп, тынысы кеңіген, – дейді Семей ЖТ бөлімшесі өндірістік техникалық бөлімінің бастығы Гүлнар Төлеуханова.

Бүгінгі күндері бөлімше бойынша көмір тасымалы штаттық режимде жүргізілуде. Шартарапқа қатты отын жеткізуде вагондарды сұрыптау жұмыстарына басымдық берілетін Жаңа-Семей жүк станциясындағы өндіріс артып, маневрлік тепловоздар саны да көбейтілуде.

Суретті түсірген автор



Алексей ГРОМ,
генеральный директор АО «ОТЛК ЕРА»:

ЧЕМ БОЛЬШЕ ЭФФЕКТИВНЫХ И КОНКУРЕНТОСПОСОБНЫХ КОРИДОРОВ НА КОЛЕЕ 1520, ТЕМ ЛУЧШЕ ДЛЯ ВСЕХ. ЭТО, КОНЕЧНО, КАСАЕТСЯ И КОРИДОРА ТМТМ, ТЕМ БОЛЕЕ ЧТО В НЕМ ПРИНИМАЕТ НЕПОСРЕДСТВЕННОЕ УЧАСТИЕ ОДИН ИЗ НАШИХ АКЦИОНЕРОВ – АО «НК «ҚТЖ». ТО ЖЕ САМОЕ В ОТНОШЕНИИ КОРИДОРА СЕВЕР – ЮГ

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

ПАРК АО «ҚАЗТЕМІРТРАНС» ПОПОЛНИТСЯ НА

1 500

НОВЫХ ПОЛУВАГОНОВ

ПО ИТОГАМ 2022 ГОДА ПЕРЕВЕЗЕНО СВЫШЕ

14 млн

ПАССАЖИРОВ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫМ ТРАНСПОРТОМ

В РАМКАХ ПРОГРАММ ПРИЗНАНИЯ БОЛЕЕ

2,8 тыс.

РАБОТНИКОВ ПООЩРЕННЫ ЗА ЛИКВИДАЦИЮ ПОЖАРОВ В КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ И АВАРИИ НА ТЕПЛОСЕТЯХ В ЭКИБАСТУЗЕ

ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ҚАМҚОРЛЫҚ

Абай ЕРТІС, Семей



ЭКОЛОГИЯ

Семейлік теміржолшылар қоршаған ортаны қорғау мен экологиялық іс-шаралар жүргізуге қомақты қаржы бөліп отыр.

Теміржол мекемелерінің өткен жыл бойынша ашық ауаға шығарған залалды заттары 48,545 тоннаны құраған. Бұл – бұрынғы жылдармен салыстырғанда анағұрлым төмен көрсеткіш. Ал берілген лимит 57 т екендігін ескерсек, бұл бағытта аз жұмыс атқарылмағанын түсінуге болады.

– Қоршаған ортаға бөлінетін зиянды қалдықтардың азаюына желі бойындағы көптеген станциялардағы жылыту пештерінің электрлі қазандықтарға ауыстырылуы себеп болып отыр. Әсіресе Шемонайха, Риддер станциясындағы ПТО және Шар станциясындағы ТД-17 пештерінің консервацияға алынуын айтуға болады, – дейді Семей бөлімшесінің эколог мамандары.

Осыған дейін Жарма, Шөптіқақ, Жаңғызтөбе, Бұқтырма, Зыряновск, Серебрянка сынды шалғайдағы бірқатар станциялар электрлі жылытқышқа көшірілген-ді. Соның нәтижесінде қазіргі таңда ол станцияларда ауаға жіберілетін парниктік газ көлемі де айтарлықтай мөлшерде азайған.

Сол тәрізді соңғы айларда өндіріс және тұтыну қалдықтары да біршама төмендеген. Мәселен, өткен жылы бөлімше көлемінде табиғатты қорғау бойынша 11 іс-шара жүргізілген болса, биылғы жылы олардың санын 15-ке дейін арттыру жоспарланып отыр. Бөлінген қаражат та қомақты.

БІРЛЕСЕ ӘРЕКЕТ ЕТУГЕ ШАҚЫРДЫ

Шахида ЖҰМАН, Маңғыстау



ПРОФИЛАКТИКА

Жыл басынан бері Бейнеу станциясындағы теміржол төңірегінде 20 әкімшілік заңбұзушылық тіркелген. Фактілер станциядағы желілік полиция бөлімшесі өткізген рейдтер барысында анықталған.



Жуырда тәртіп сақшылары теміржолға жақын маңдағы тұрғындармен және вокзал айналасындағы азық-түлік сататын кәсіпкерлермен кездесу өткізді. Жиында жоғарыдағы құқықбұзушылық оқиғаларға тоқталған полиция өкілдері олардың дені көпшілік ортада ішімдік ішу, теміржолды рұқсат етілмеген жерден кесіп өту, белгіленбеген жерлерде сауда жасау сияқты заң бұзушылықтар құрайтынына ерекше мән берді. Сондай-ақ балалардың қауіпсіздігі, пойызға мал басылуы жайттарынын жиілеуі де өткір сөз болды. Тұрғындарды қауіпсіздікті сақтау бағытында бірлесе әрекет етуге шақырды.

Теміржолшылар тарапынан Бейнеу станциясы бастығының орынбасары Данияр Нурмолдин мен Бейнеу теміржол вокзалының бастығы Айсара Тұрғанбаева сөз алып, өз ойларын ортаға салды. Ал жергілікті санитарлық-эпидемиологиялық бақылау бөлімшесінің бастығы Нұрболат Сарбуиетвнтің сөзі заңсыз сауда жасаушыларға арналды, маман белгіленген орны не құжаты жоқ күмәнді тұлғалардан тамақ сатып алудың соңы неге соқтыратынын түрлі мысалдармен ескертті. Белгілі болғандай, Бейнеудегі теміржол перронында 26 сауда нүктесі тіркеліп, заңды қызмет көрсетеді екен.

– Іс-шараның көздеген мақсаты – қоғамға қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелерін ескерту. Осы мақсатта ескертпелік буклеттер таратып, профилактикалық жұмыстар жүргізудеміз, – дейді Бейнеу станциясындағы Желілік полиция бөлімшесінің бастығы Насыр Дербисалиев.

Суретті түсірген автор

ЖЫЛДЫ ТАБЫСТЫ АЯҚТАДЫ



АЙМАҚ

Ислам ТАЛҒАТ, Астана


Айталық, былтыр станция аумағынан вагондарға тиелген жүк көлемі 9062 вагонға артық орындалып, жоспар 180% құрап, 2021 жыл көрсеткішінен 17% жоғары болған. Тонналық көрсеткіштің де жоспары 188% орындалып, алдыңғы жылдан 19% артық шыққан. Статистикалық жүктеменің де салмағы ауыр. Станцияда әсіресе мыс, түсті кен, күкірт қышқылы сияқты жүк түрлерінің тиелімі артқан. Былтыр вагондардан жүк түсіру де жоғары нәтиже көрсеткен: 89475 вагоннан жүк түсіріліп, жоспар 112% орындалған. Бір жүк операциясы кезінде

вагонның тұрып қалуы 5,39 сағатқа кеміген. Бұл өз кезегінде вагонайналымы көрсеткішінің жақсаруына септігін тигізген.

Десе де, кірме жолдардың қожайындары кінәсінен вагондардың кідірісі орын алған. Мәселен, «Корпорация Казахстан» ЖШС-ның кірме жолында вагондар айналымының технологиялық мерзімі нормадағы 18,99 сағаттың орнына 25,08 сағатты құраған. Осылайша, кірме жолдағы вагондардың тұруы 6,09 сағатты құрап отыр.

Оның себептерін кірме жол иесі үш фактормен байланыстырады. Біріншіден, вагон жүк тиегіштерінің істен шығуы кедергі болса, екіншіден, вагондардың бір мезгілде жаппай

ҚАУІПСІЗДІККЕ ТАЛАП ҚАТАҢ



СТАНЦИЯ ТЫНЫСЫ

Қызылорда темір жолының Белкөл станциясында пойыздар қозғалысы күндіз-түні бір тынбайды. Облыс орталығына іргелес жатқан станция болған соң мұнда жұмыс көп, бірі келіп, бірі кетіп, енді бірі өтуге кезек күтіп тұрған құрамдар легі толастамайтын Белкөл бейне бір қалаға кірер қақпа сынды.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ, Қызылорда

Бекет теміржолшылары өздеріне жүктелген міндет пен жауапкершілікті жақсы түсінеді. Станция бастығы Кенжебек Өтегеновтен бастап ұжымның әрбір мүшесі қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында аянбай еңбек етуде.

– Өндірістік жұмыс көрсеткіштерінің жоғары деңгейде орындалуы бүкіл ұжымның ортақ жұмысының нәтижесі, жалғыз-жарым адамның жұмысымен табысқа жету мүмкін емес. Бөлімше мен компания басшылығының бекіткен жоспарына сәйкес өзімізге бекітілген міндеттемелерді орындау үшін жұмысымызды ең алдымен қатаң талапқа негізделген тәртіпке құрамыз. Өндіріс болған соң онсыз



болмайды. Қадам басқан сайын қауіп-қатермен бетпе-бет келетін салада сақтық шараларын қатаң сақтау – бұлжымас қағида. Ал біздің станцияда кездейсоқ адам жоқ, бәрі де жылдар бойы осы жерде

БАЙЫРҒЫ ДЕПОДАҒЫ БЕРЕКЕЛІ ТІРЛІК



САПА

Жамбыл вагон жөндеу депосының тарихы бай. Кеңес одағы кезінде аяқ жетер жердегі жылжымалы құрамға қызмет көрсеткен кәсіпорынның бүгінгі таңда да көтерген жүгі жеңіл емес. Мұнда жүк вагондарының барлық түрі, сонымен қатар транзиттік вагондар да жөнделеді.

Ерман ӘБДИЕВ, Жамбыл

Кәсіпорында алты техникалық қызмет көрсету пункті, үш ағымдағы жөндеу пункті, екі вагондарды дайындау пункті, тежегіш жабдықтарын жөндеу пункті бар. Олар Тараз, Сарышаған, Түрксіб, Шу, Жаңатас, Қаратау станцияларында орналасқан. Жалпы, 1256 шақырымдағы жол бойына қатынайтын жылжымалы құрамдар жаракаттығы жамбылдық депоның құзыретінде. Осы аралықта ақауы анықталса, Ресей, Беларусь, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, т.б мемлекеттердің вагондарына да барлық техникалық қызмет көрсетіледі.

Бүгінде 600-ден астам адам еңбек ететін кәсіпорында 2022 жылы жоспар бойынша 2577 вагон жөндеуден өтуі межеленсе, бұл көрсеткіш 2675 вагонға орындалып, жоспар 105 пайызды құраған. 59 миллион теңгенің жұмысы атқарылуы керек болса, ол көрсеткіш 123 миллионға жетіп, 207 пайызға орындалған. Өткен жылы жүк вагондарының 33 ақауын тапқан (олардың дені вагон шаруашылығында кең тараған бүйір рамасының ақауы) 12 вагон қараушы ақшалай сыйақы мен түрлі марапаттарға ие болды. Депо бастығы Талғат Жасұзақов «Адал еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталса, екі депо жұмысшысы «Құрметті теміржолшы» атағына ие болды. – Қысқа жүз пайыз дайындықпен кірдік.

Ең үлкен жетістігіміз – барлық желі толық электрленіп жатыр. Бұл – пилоттық жоба аясында жүріп жатқан жұмыстар. Көмірден бас тартуды көздеуіміз – ең алдымен экологияны жақсартуға, сол арқылы өндірісті сауықтырып, жұмысшылардың денсаулығын сақтауға ықпал ету. Сосын экономикалық тиімділік те бар әрине. Қазір тек Тараз техникалық қызмет көрсету пункті көмірмен жылытылуда. Өндірістік алаңдарға бейнебақылау орнату жұмыстары да жүргізілуде. Бүгінгі күні Тараз техникалық қызмет көрсету пунктіне кәсіподақтың көмегімен 9 камера, әкімшілік ғимаратқа 4 камера, Шу ағымдағы жөндеу пунктінде 4 камера және Тараз ағымдағы жөндеу пунктіне 2 камера орнаттық, – дейді Талғат Советұлы.

«КТЖ – ЖОЛАУШЫЛАР ЛОКОМОТИВТЕРІ» ЖШС ШЕКТІ БАҒАДА ЕСКЕРІЛГЕН ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАНЫ (ЖОБАНЫ) ОРЫНДАУЫ НЕ ОРЫНДАМАУЫ ТУРАЛЫ

БИН 210840034978 49390 (ЭҚЖЖ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТ ТҮРІ) 2022 ЖЫЛДЫҢ 2 ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫ БОЙЫНША ЖАРТЫЖЫЛДЫҚ АҚПАРАТ

№	Инвестициялық бағдарлама (жоба) көрсеткіштерінің атауы 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2022 жылдың 31 желтоқсанына дейін	Кіммен бекітілген (күні, бұйрықтың нөмірі)	Іс-шараның атауы	2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2022 жылдың 31 желтоқсанына дейін инвестициялық бағдарламалар		Шекті бағада ескерілген инвестициялық бағдарлама іс-шарасының, объектісінің жоспарланған өлшемдері (көрсеткіштері) 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2022 жылдың 31 желтоқсанына дейін					Шекті бағада ескерілген инвестициялық бағдарлама іс-шарасының, объектісінің орындалуы, нақты өлшемдері (көрсеткіштері) (тоқсан сайын, өспелі қорытындымен) 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2022 жылдың 31 желтоқсанына дейін				Ауытқу (+, -)		Ауытқуы/ Ауытқудың себептері
				2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2022 жылдың 30 маусымына дейін	2022 жылдың 1 шілдесінен бастап 2022 жылдың 31 желтоқсанына дейін	Өлшем бірлігі	Техникалық параметрлері	Өлшем бірлігі	Инвестициялар сомасы	Техникалық параметрлері	Өлшем бірлігі	Техникалық параметрлері	Өлшем бірлігі	Инвестициялар сомасы			
	Барлығы:	Инвестициялық бағдарлама Қазақстан Республикасы	локомотивтерді сатып алу	8 653 972	4 945 171	бірлік		мың теңге	13 599 143	барлығы, оның ішінде	бірлік		мың теңге	58 219 675		44 620 532	
				6 271 630	4 945 171			мың теңге	11 216 801	меншік			мың теңге	15 725 661		4 508 860	
				2 382 341	-			мың теңге	2 382 341	қарыз			мың теңге	42 494 014		40 111 673	
1	Жолаушылар электровоздарын сатып алу	Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің 2022 жылғы 21 сәуірдегі № 32-1-32/1964 хатына сәйкес бекітілген	локомотивтерді сатып алу	7 005 582	-	бірлік	4	мың теңге	7 005 582	барлығы, оның ішінде	бірлік	7	мың теңге	13 956 263	3	6 950 681	
				4 623 240	-			мың теңге	4 623 240	меншік			мың теңге	9 132 100		4 508 860	
				2 382 341	-			мың теңге	2 382 341	қарыз			мың теңге	4 824 164		2 441 823	
2	Жолаушылар тепловоздарын сатып алу	№ 32-1-32/1964 хатына сәйкес бекітілген	локомотивтерді сатып алу	1 648 390	4 945 171	бірлік	4	мың теңге	6 593 561	барлығы, оның ішінде	бірлік	19	мың теңге	44 263 411	15	37 669 850	
				1 648 390	4 945 171			мың теңге	6 593 561	меншік			мың теңге	6 593 561		-	
				-	-			мың теңге	-	қарыз			мың теңге	37 669 850		37 669 850	

УКРЕПЛЯЕМ ВЗАИМООТНОШЕНИЯ



СОТРУДНИЧЕСТВО

Торгово-экономическое сотрудничество между Казахстаном и целым рядом стран в последнее время получило новый импульс. Планируются совместные инфраструктурные и логистические проекты, весомая роль в которых отводится АО «НК «КТЖ» и его дочерним организациям, в том числе АО «KTZ Express».



Асель ШАЙХЫНОВА, Астана

Компания осуществляет уникальные перевозки под ключ и является участником многих международных проектов, в том числе таких как «Евразийский агроэкспресс».

Благодаря большому опыту в организации международных перевозок и сотрудничеству с именитыми клиентами и партнерами приоритетом для АО «KTZ Express» остается дальнейшее развитие взаимоотношений с транспортно-логистическими компаниями по всему миру. Ежегодно растущее число клиентов приводит к увеличению спроса на транспортные услуги. К тому же компания предлагает ряд преимуществ сотрудничества. Среди них – правильная организация маршрутов, что повышает рентабельность

транспортных услуг. Так, в условиях меняющейся международной логистики большой ценностью становится надежность перевозок, а вкуче с короткими сроками ценится вдвойне. Именно поэтому АО «KTZ Express» давно славится на рынке международных перевозок как надежный партнер. Напомним, проект «Евразийский агроэкспресс» направлен в первую очередь на поддержку производителей агропромышленного сектора. Он предполагает контейнерную перевозку агропромышленных грузов (мясо, зерновые культуры, плодовоовощная продукция). Инициатива реализации данного проекта была поддержана главами правительств стран ЕАЭС. Пилотная отправка двух рефрижераторных контейнеров с замороженной курицей из Тамбова (РФ) была осуществлена 15 ноября 2021 года.

Контейнеры прибыли в Сергели (РУ) уже 26 ноября 2021 года. Также успешно 4 декабря 2021 года организована обратная отправка двух контейнеров с виноградом со станции Чукурсай (РУ), которые прибыли на станцию Селятино (РФ) 17 декабря 2021 года. Кроме того, 16 января 2022 года организована еще одна отправка пяти рефконтейнеров с замороженной курицей со станции Селятино (РФ) в направлении Ташкента (РУ). Не менее успешно 11 мая 2022 года АО «РЖД-Логистика» осуществлена пилотная отправка одного контейнера с замороженной курицей со станции Селятино (РФ) на станцию Аламедин (КР) и отправка одного контейнера с плодовоовощной продукцией в обратном направлении.

В проекте участвуют железнодорожные администрации нескольких стран-участниц. Например, 26 мая 2022 года в Бишкеке (Кыргызстан) в рамках Евразийского экономического форума подписан Меморандум о стратегическом партнерстве и сотрудничестве между автономной некоммерческой организацией по содействию в развитии агропромышленной деятельности «Евразийская Агрологистика» и НК «Кыргыз темир жолу».

По словам аналитиков, участие в проекте помогло развитию и укрепить международную логистику, отладить цепочку поставок. Также специалисты отмечают, что в настоящее время коллегией Евразийской экономической комиссии рассматривается возможность включения в контур проекта «Евразийский агроэкспресс» транспортного коридора Север – Юг для развития мультимодальных перевозок сельскохозяйственной продукции и продовольствия на целевые рынки Исламской Республики Иран, Индии и ОАЭ.

Такое сотрудничество однозначно идет на пользу и помогает в укреплении международной логистики, отлаживании цепочки поставок. Ведь сложенная доставка, умная логистика в международных грузоперевозках возможны только благодаря четко отработанному плану. Все это укрепляет роль Казахстана в расширении перспектив трансконтинентальных перевозок и международного логистического сотрудничества.

Фото Александра ЖАБЧУКА

Безопасность

К ЛУЧШИМ УСЛОВИЯМ ТРУДА

На станции Алматы-1 разработаны и внедрены комплексные меры по предотвращению травматизма и улучшению условий труда работников. Благодаря этому в минувшем году на станции не было допущено ни одного случая производственного травматизма.



Елена КОЛДАСБАЕВА, Алматы

По словам инженера по охране труда станции Алматы-1 Айгуль Исафиной, систематически обследуется наличие травмоопасных зон и принимаются меры по их ограждению, установке знаков безопасности в целях предупреждения наезда подвижного состава.

Акцент делается на состоянии безопасности труда и заболеваемости работников, а также причинах возникновения несчастных случаев на производстве. Принимаются незамедлительные меры по их устранению и недопущению. Ведется проверка состояния подъездных путей, правильности складирования грузов, наличия знаков «Негабаритное место», а при выявлении нарушений в установленном порядке запрещаются подача и уборка вагонов. Более того, совершенствуются условия труда, обеспечивающие сохранение жизни и здоровья в процессе трудовой деятельности. Принимаются необходимые меры по недопущению сверхурочных работ и нарушений режима отдыха работников, связанных с движением поездов.

– Мы стараемся внедрить в сознание каждого работника понятия культуры безопасного труда и личной ответственности за свое здоровье, так как охрана труда является одной из ключевых проблем железнодорожной отрасли, от состояния которой зависит успешное функционирование железной дороги, – говорит Айгуль Исафина.

Большое значение уделяется и оперативному анализу условий труда на производственных участках. Упор сделан на своевременное оповещение на станции о прибывающих, отправляющихся, проходящих поездах и производство маневровой работы. Систематически проверяется громкоговорящая связь в местах массового перехода людей через железнодорожные пути. Наиболее уязвимыми местами являются северная горловина четного приемоправочного парка. В поле зрения специалистов охраны труда – поведенческие диалоги, беседа с работниками, индивидуальный подход, контроль над процессом работы.

В целях привлечения внимания к вопросам охраны труда на станции Алматы-1 проводятся мероприятия под лозунгом «Общими усилиями сформировать позитивную культуру охраны труда». А также проведена информационно-профилактическая работа с повторным ознакомлением с местными инструкциями по вопросам охраны труда, с опросом о случаях травматизма. Особенно в зимний период, когда гололед, в станционном парке практикуются рейды с целью выявления нарушителей перехода железнодорожных путей.

– Необдуманное пересечение путей в опасных местах является нашей злободневной проблемой. Люди «прорываются» даже перед близко идущим поездом. Зачастую взрослые не только сами переходят пути в запрещенных местах, но и ведут за собой детей, такая нерадивость взрослых заставляет задуматься, – считает Айгуль Исафина.

Фото автора

ЧИСТЫЙ ПУТЬ ДЛЯ ПАССАЖИРОВ И ГРУЗОВ



СНЕГОБОРЬБА

Погода этой зимой в Восточном Казахстане выдалась капризной: то морозы, то снегопады, то оттепель. Снег быстро становится тяжелым, прессуется, и подчас такая техника, как СТРУГ или СДПМ, не может с ним справиться.

Ольга УШАКОВА, Усть-Каменогорск

Для того чтобы вовремя убрать снежную массу с железнодорожного пути, работники Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо (ТЧЭ-22) и Оскеменской дистанции пути (ПЧ-37) связали электрические схемы тепловоза серии 2Т10МК и снегоочистителя ФРЭС-2.

Эту технику уже использовали на станциях Иртышский завод для очистки путей и станции Сарыжал, где очищали путь на цементный завод.

– В модернизированном тепловозе серии 2Т10МК установлена дизель-генераторная установка и электрическая аппаратура от тепловоза серии ТЭЗ3А, а кузов, ходовая часть, автотормоза – от устаревшего тепловоза серии 2ТЭ10М, – объяснили в Оскеменском эксплуатационном локомотивном депо. – Перед началом работ по очистке пути «связывают» электрические схемы тепловоза 2Т10МК со фрезерно-роторным снегоочистителем ФРЭС-2.



По данным инженера-технолога ТЧЭ-22 Александра Селиверстова, опробование работы ФРЭС-2 с тепловозом 2Т10МК прошло в начале декабря 2022 года.

Железнодорожники в Оскеменском регионе всеми силами обеспечивают бесперебойное движение поездов. По информации начальника ТЧЭ-22 Асета Бутабаева, только за период с 9 по 15 января локомотивные

бригады Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо перевезли более 12,2 тысячи человек в пассажирском движении, в среднем 1 745 человек за сутки, а также более 290,6 тысячи тонн грузов. Это – уголь, цементная руда и цемент, зерно, металлолом, грузы в контейнерах и прочие грузы.

Фото Медета МЕКЕБАЕВА

ПОЛУГODOVAYA ИНФОРМАЦИЯ ТОО «КТЖ – ПАССАЖИРСКИЕ ЛОКОМОТИВЫ» ОБ ИСПОЛНЕНИИ ЛИБО НЕИСПОЛНЕНИИ ИНВЕСТИЦИОННОЙ ПРОГРАММЫ (ПРОЕКТА), УЧТЕННОЙ В ПРЕДЕЛЬНОЙ ЦЕНЕ БИН 210840034978 49390 (ВИД ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПО ОКЭД) ЗА II ПОЛУГОДИЕ 2022 ГОДА

№	Наименование показателей инвестиционной программы (проекта) (с 1 января 2022 года по 31 декабря 2022 года)	Кем утверждена (дата, номер приказа)	Наименование мероприятия	Годы реализации мероприятий с 1 января 2022 года по 31 декабря 2022 года		Плановые параметры (показатели) мероприятия, объекта инвестиционной программы, учтенной в предельной цене с 1 января 2022 года по 31 декабря 2022 года					Фактические параметры (показатели) мероприятия, объекта инвестиционной программы, учтенной в предельной цене с 1 января 2022 года по 31 декабря 2022 года				Отклонение (+,-)		Причины отклонения
				с 1 января 2022 года по 30 июня 2022 года	с 1 июля 2022 года по 31 декабря 2022 года	Ед. изм.	Технические параметры	Ед. изм.	Сумма инвестиций	Источник инвестиций	Ед. изм.	Технические параметры	Ед. изм.	Сумма инвестиций	объем	Сумма тыс. тенге	
	Всего:	Инвестиционная программа утверждена согласно письму от 21.04.2022 г. № 32-1-32/1964 Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики РК	Приобретение локомотивов	8 653 972	4 945 171	ед.		тыс. тенге	13 599 143	всего в т.ч.	ед.		тыс. тенге	58 219 675		44 620 532	
	6 271 630			4 945 171	тыс. тенге			11 216 801	собственные	тыс. тенге			15 725 661	4 508 860			
	2 382 341			-	тыс. тенге			2 382 341	заемные	тыс. тенге			42 494 014	40 111 673			
1	Приобретение пассажирских электровозов			7 005 582	-	ед.	4	тыс. тенге	7 005 582	всего в т.ч.	ед.	7	тыс. тенге	13 956 263	3	6 950 681	
				4 623 240	-			тыс. тенге	4 623 240	собственные			тыс. тенге	9 132 100		4 508 860	
				2 382 341	-			тыс. тенге	2 382 341	заемные			тыс. тенге	4 824 164		2 441 823	
2	Приобретение пассажирских тепловозов			1 648 390	4 945 171	ед.	4	тыс. тенге	6 593 561	всего в т.ч.	ед.	19	тыс. тенге	44 263 411	15	37 669 850	
				1 648 390	4 945 171			тыс. тенге	6 593 561	собственные			тыс. тенге	6 593 561		-	
				-	-			тыс. тенге	-	заемные			тыс. тенге	37 669 850		37 669 850	

Бейнет түбі – зейнет

Теміржол деген саланың кірер есігінен енген адам шығар есігіне жеткенше бүтін бір ғұмырын арнайды. Бүкіл өмірін темір жолға арнап, соның ыстығына күйіп, суығына тоңып еңбек еткен жандар жүздеп-мыңдап саналады.

ҚҰЛСАРЫНЫҢ ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТЫ

Қосқұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Ал тұтас әулетімен осы салада еңбектеніп, теміржолшы кәсібі екінші, үшінші, тіпті төртінші ұрпағына дейін жалғасып жатқандар туралы не айтуға болады? Кәсібіне адалдық десек, ол адалдық махаббат пен сүйіспеншіліктен туындаса керек. Демек, теміржолшы өз кәсібін жақсы көріп, оны құрмет тұтса, сөз жоқ, адал еңбек етеді, табысқа жетеді.

Құлсарыда туып өсіп, саналы ғұмырын осы станцияның дамуына арнаған теміржолшы Шоқан Бақтыбаев сондай жан. 1959 жылдың соңында Құлсары қаласында дүниеге келген Гурьев теміржол техникумын бітіріп, еңбек жолын пойыз құрастырушы боп бастады.

Темір жолдың, станция жұмысының қыр-сырын әбден меңгерген ол үш жылдан соң станция кезекшісі қызметіне кірісіп, 15 жыл табан аудармай еңбек етті. Өз жұмысын, кәсібін жанындай жақсы көріп, берілгені сонша, балапан басына, тұрымтай тұсына кеткен кешегі тоқсаныншы жылдары бірнеше тиімді ұсыныстарды да қабылдамапты. Өзі туып-өскен Құлсарысын ешқандай жер жәннатына айырбастамады. 2002 жылы Құлсары станциясы бастығының орынбасары болып тағайындалып, жиырма жылға жуық адал тер төкті. Жұмысына адал, темір жол үшін шын жаны ауыратын азаматты жерлестері Құлсарының дамуына үлкен үлес қосқан жан деп жоғары бағалайды. «Үздік маман», «Адал



еңбегі үшін», т.б. марапат иесі атанған тарлан теміржолшы жуырда еңбек жолын аяқтап, құрметті зейнет демалысына шықты. Ұзақ жыл үзеңгілес болған әріптестерімен қимай қоштасты. Ал станция ұжымы мен кәсіподақ ұйымы Шоқан Бақтыбаевқа көп жылғы еңбегінің зейнетін көріңіз деген тілекпен, лайықты қошемет, сый-құрметпен шығарып салды.

Суретті түсірген автор

Твои люди, магистраль!

ВПЕРЕДИ ШАГАЕТ МОЛОДЕЖЬ

Одним из достойных представителей молодого поколения железнодорожников является заместитель начальника отдела пути Карагандинского отделения магистральной сети Улан Амреев.

Светлана МОГАЙ,
Караганда

Ответственный, инициативный, не по годам мудрый молодой человек отвечает за важный фронт железнодорожной деятельности – в его обязанности входит планирование летних путевых работ, контроль за их проведением, организация работ дистанции пути.

Как известно, железная дорога не прощает ошибок, поэтому важно, чтобы пути, сооружения и путевые устройства всегда находились в исправном состоянии. Это обеспечит безопасность, бесперебойность движения поездов с установленными скоростями на участках дистанции пути.

Помимо применения практических навыков, необходимо постоянно расширять свой кругозор, изучать техническую литературу, внедрять в процесс работы новые технологии, передовой опыт. В этом Улану помогают его наставники, в том числе и отец Мурат Амреев, который трудится на железной дороге более 30 лет.

– Именно он поддержал меня при выборе профессии. После окончания колледжа в Бурабайском районе я поступил на работу в должности монтера пути. Это был своего рода экзамен на выносливость, сноровку и проверку своих физических



возможностей, – рассказывает Улан Амреев. Изо дня в день молодому человеку приходится осуществлять текущий уход и обслуживание стрелочных переводов, очищать и смазывать рельсы, проверять регулировку рельсовых зазоров, рельсошпальной решетки и т. д.

Со временем Улан набрался опыта и стал продвигаться по служебной лестнице. Практические навыки, приобретенные за годы работы монтером пути, помогают ему сейчас.

По его мнению, так как работники железнодорожных структур являются представителями крупнейшей национальной компании в стране, все их действия при выполнении служебных обязанностей влияют на репутацию компании.

– В нашей работе необходимо следовать нормам и стандартам поведения, как того требует Кодекс этики, демонстрировать нулевую терпимость к любым проявлениям коррупции. Страна выгодно расположена географически, что дает колоссальную возможность выхода на международный рынок перевозок. Наша задача заключается в том, чтобы обеспечить безопасные и конкурентоспособные транспортные услуги. Только придерживаясь главных ценностей БЛАГО, мы сможем построить Жана Казахстан, – утверждает Улан Амреев.

Фото автора

ИСТОРИЯ ОДНОГО ЭКСПОНАТА



МУЗЕЙ

Анна МАРЬИНА,
Уральск

Официальной датой основания железнодорожного транспорта Казахстана считается 1904 год, когда началось строительство Оренбургско-Ташкентской железной дороги.

– Однако первые рельсы по территории современного Казахстана проложили еще в 1894 году – от Покровской Слободы (ныне город Энгельс Саратовской области) до Уральска. Общая протяженность узкоколейки составила 369 километров, 113 из них – по казахстанской стороне. То есть фактически железной дороге нашей республики в 2024 году исполняется 130 лет, – пояснил хранитель истории железной дороги Почетный железнодорожник Михаил Надточий, показывая увеличенную копию старинной фотографии первого уральского вокзала.

Необходимость в надежном транспортном сообщении между Уральском и ближайшими центрами российской торговли в середине XIX века встала весьма остро из-за быстро растущей экономики региона, ограниченности рынка сбыта и нерентабельности верблюжьих караванных перевозок. Начиная с 1865 года вопрос о строительстве в Уральске железной дороги поднимался неоднократно. Всерьез предлагалось соединить Уральск с Самарой железнодорожной линией на... конской тяге, данное предложение осталось без ответа императора. В 1890 году губернатор области генерал-лейтенант Шипов предложил два проекта строительства железной дороги: до станций Бузулук и Саратов без возведения моста через Волгу.

Последний вариант был принят в 1892 году, и строительство железной дороги, получившей название Рязанско-Уральской, началось под руководством инженера Ершова между Уральском и Покровской Слободой, расположенной на левом берегу Волги. Отсыпка земляного полотна от Озинко до Уральска велась вручную, инфраструктуру строили в основном



крестьяне из близлежащих поселений. На конечной станции Уральск были возведены депо для отстоя и мелкого ремонта паровозов, помещения для отдыха бригад и мастерские, первые трех- и шестиквартирные дома для железнодорожников – новой в Уральске профессии. Эти дома по сей день стоят

разрушению. К нему подогнали тяжелый паровоз, сквозь оконные проемы продели толстые тросы, привязали к локомотиву и дернули. Вокзал-ветеран не шелохнулся, а тяжелый локомотив сошел с рельсов и завалился набок. Тогда пригласили военных, те пробурили шурфы вокруг объекта, заложили в них

точностью воссоздавший в масштабе 1:87 здание железнодорожного вокзала, оснащенное подсветкой и поднимающейся крышей, позволяющей рассмотреть и внутреннее устройство вокзала – билетные кассы, багажное отделение, зал ожидания, ресторан. Сам Рашид Богаутдинов к железной дороге имеет косвенное отношение, но его хобби – макеты старинных зданий родного Приуралья, в числе которых и оказался старый железнодорожный вокзал Уральска. Создавал он его с любовью несколько лет, поскольку делает макеты в свободное от работы время.

Рашид тесно сотрудничает с местным музеем «Старый Уральск» и Татарским культурным центром. Его макет старого железнодорожного вокзала в одной из временных экспозиций и увидели профсоюзные активисты. Мнение профактива железнодорожников было единогласным: такой макет должен находиться в отраслевом музее, а не в частной коллекции. Их инициативу перед руководством профсоюзной организации работников транспорта поддержали председатель Западного филиала профсоюза работников транспорта Тагит Садыков и эксперт по охране труда и социально-бытовому вопросу профкома филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Батыс» Максат Мухтаров.

В рамках подготовки к юбилейной дате Казахстанской железной дороги необходимые средства были выделены, и буквально в канун Нового 2023 года макет старого железнодорожного вокзала пополнил ряды экспонатов отраслевого музея в Уральске.

Фото автора

ВОКЗАЛ ҚЫЗМЕТІ ТАЛАПҚА САЙ МА?



МОНИТОРИНГ

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Вокзалда жолдаушыларға, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі жандарға қолайлы жағдай жасалған. Вокзал ғимаратына көтерілетін баспалдақтар жанында арнайы пандус бар, іште де арнайы бөлме,

қажет болса қоларба бар. Вокзал қызметкерлерін көмекке шақыру үшін арнайы дабыл түймесі орнатылған. Дегенмен аймақтағы теміржол вокзалдарының деңі бір қасыр бұрын салынғандықтан кейбір сәйкессіздіктер де жоқ емес. Бүгінде олар ретке келтірілуде. Қызылорда Магистральдық

желі бөлімшесі басшысының вокзал шаруашылығы жөніндегі орынбасары Нұрлан Бимұратов, «Аманат» партиясы «Теміржол» филиалының атқарушы хатшысы Базара Танбаева, вокзал бастығы Жарас Қойшығұлов мониторингтік топпен бірге көрсетілетін қызмет сапасын саралады.



– Бүгінгі таңда біздің «Теміржол» филиалы ұйымдастырып отырған партиялық мониторинг аясында

облыстық мүгедектер қоғамдық ұйымының мүшелері Роза Смағұлова, Анар Әблдаева, Мұрат

Ізбенбетов, көліктігі қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы бас маманы Әйгерім Бектурганова вокзал аумағында орналасқан пандустардың стандарттық талапқа сәйкестігін, басқа да нысандарды қарап, кейбір тұстарына қатысты өз ұсыныстарын айтты. Мысалы, мүгедектер көлігі тұратын автотұрақ орындарын қосымша белгілеу, мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған арнайы бөлме ішіндегі орындықтарды биіктету, қоңырау орнату секілді ұсыныстар назарға алынды, – дейді Базара Танбаева. Мониторингтік топтың ұсынысы бойынша тиісті органдарға хат жолданды.

Суретті түсірген автор

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ

ҚАЗАҚОЛЖА

Бас редактор
Дина Муздубаева

Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Газет басылатын қалалар:
Нұр-Сұлтан, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 11 340

Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен
«Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, әуе және су көлігі
қызметкерлерінің кәсіби одағы»
қоғамдық бірлестігі айналысады.
© «Қазақстан теміржолшысы»
газетінде жарияланған
материалдарды
көшіріп немесе өңдеп басу үшін
редакцияның жазбаша рұқсаты
алынып, газетке сілтеме жасалуы
міндетті.
Редакция авторлар мақаласы мен
жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:
Л. Ровба, Р. Рахметова

Меншікті тілшілер:
Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосқұйым Мұқаншев 8-778-946-09-66
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59
Семей: Құаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Жамбыл: Ерман Әбдиев 8-777-682-70-73
Қарағанды: Светлана Могой 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертай 8-777-498-31-61
Ақтөбе: Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97
Шымкент: Нұрлыбек Досыбай 8-702-548-00-92

Редакцияның мекен-жайы:
Нұр-Сұлтан қ., Д.Қонаев көшесі 6.
тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92

Газетті тарату жөніндегі менеджер
Асель Распаева,
тел.: 8 775 198 15 61,
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және
бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық
агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың
30 шілдесінде №601 тіркеу күәлігі берілді.